

**Сенің таңертеңгі
уақытыңды
вафлялы етемін!**



**Бельгиялық вафляға
арналған вафля
қалыбы КТ-1643**



4815269

Егер біздің техникамызды пайдалануға қатысты қиындықтар туындаса, дүкенге жүгінбес бұрын Kitfort жедел желісіне қоңырау шалуыңызды сұраймыз:

8-800-775-56-87

(дс-жм мәскеу уақыты бойынша 9:30 бастап 17:30 дейін)

info@kitfort.ru

Біз аспаптың жұмысының ерекшеліктері туралы айтып береміз және кез келген басқа сұрақтар бойынша кеңес береміз

Мазмұны

Жалпы мәлімет	4
Жиынтықтамасы	4
Вафля қалыбының құрылысы	4
Жұмысқа дайындық және пайдалану	5
Рецепттер	6
Тазалау, қызмет көрсету, күтім жасау және сақтау	7
Техникалық сипаттамалары	8
Сақтық шаралары	9

Жалпы мәлімет

КТ-1643 электр вафля қалыбы арқылы қалың бельгиялық вафляларды пісіруге болады.


Вафля қалыбы қуаттау және қыздыру жарық индикаторларымен, қалыптың әр жартысындағы тәуелсіз қыздырғыштармен және баусымды сақтауға арналған орынмен жабдықталған. Сырғуға қарсы аяқтары аспаптың ас дайындау кезінде үстел бойынша сырғуына жол бермейді. Корпусы ыстыққа төзімді пластиктен жасалған, ал жұмыс қалыптары күюге қарсы жабынмен жабылған

Жиынтықтамасы

1. Вафля қалыбы — 1 дана.
2. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық — 1 дана.
3. Кепілдік талоны — 1 дана.
4. Коллекциялық магнит — 1 дана*

*опциялық

Вафля қалыбының құрылысы



Қуаттау индикаторы вафля қалыбы қосылған кезде жанады. Қыздыру индикаторы вафля қалыбы қыздырылған кезде жанып тұрады. Жұмыс беттері термостатпен белгіленетін температураға жеткенде қыздыру өшіріледі және қыздыру индикаторы сөнеді. Осыдан кейін қыздыру ара-тұра температураны сақтау үшін қосылып отырады, осы уақытта қыздыру индикаторы жанады. Осылайша, дайындау процесінде қыздыру индикаторы мерзімді түрде жанып, сөніп тұрады.

Назар аударыңыз! Вафля қалыбының қақпағының технологиялық люфті бар. Ол зауыттық ақаулығы емес, қақпақ бүкіл жазықтығы бойынша қамырға тығыз жанасуы үшін жасалған.

Жұмысқа дайындық және пайдалану

Жұмысқа дайындық

Вафля қалыбын қабырғалардан және басқа заттардан кемінде 15 см және үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта тегіс көлденең орнықты бетке орнатыңыз.

Бірінші пайдалану алдында қалыптардың жұмыс бетін ылғалды матамен немесе губкамен сүртіп, кептіріңіз. Вафля қалыбын қосып, қыздыру элементінен және қалыптардың жұмыс беттерінен өндірістен кейін қалып қоюы мүмкін майлағыштың және басқа материалдардың қалдықтары жанып кетуі үшін оны 10-15 минут жұмыс істетіңіз.

Қыздыру барысында ерекше иіс немесе шамалы түтін шығуы мүмкін, ол үшін қобалжымай-ақ қойыңыз. Қыздыру аяқталғаннан кейін вафля қалыбын өшіріп, оның суығанын күтіңіз, осыдан кейін қалыптарды ылғалды матамен сүртіп, кептіріңіз.

Пайдалану

Вафля қалыбын электр қуаттау желісіне қосыңыз. Қақпақты жауып, вафля қалыбы қыздырылғанша күтіңіз. Қалыптар жұмыс температурасына жеткенде қыздыру индикаторы сөнеді.

Қақпақты ашып, қалыптардың жұмыс беттерін майдың немесе тоң майдың шамалы мөлшерімен майлаңыз.

Қамырды қалыпқа құйыңыз. Тым көп қамыр құймаңыз, кері жағдайда ол шеттерінен ағып кетеді.

Қақпағын ақырын жауып, оны бекіткішпен ілмектеңіз. Қамырдың төгілуіне жол бермеу үшін қақпақты күрт жаппаңыз.

Вафляны шамамен 5 минут, ептеп қызарғанша пісіріңіз. Өнімнің дайындығын көзбен бағалау үшін ара-тұра қақпағын ашып қараңыз.

Вафлялар дайын болғанда қақпағын ашып, оларды ағаш немесе силикон таяқшамен немесе қалақпен алып шығыңыз. Алып шығу үшін жоғары температураға төзімсіз пластик заттарды, сондай-ақ қалыптардың күйге қарсы жабынын зақымдауға жол бермеу үшін металдан жасалған және өткір заттарды қолданбаңыз. Қамырдың келесі бөлігін құю алдында қалыптарды ептеп маймен немесе тоң маймен майлау немесе бүрку ұсынылады. Қамырды тек қыздыру индикаторы сөнген кезде ғана құйыңыз, ол қалыптар пісіру үшін жұмыс температурасына жеткенін білдіреді.

Назар аударыңыз! Күйіп қалмаңыз! Қақпақты ашқанда абай болыңыз, қақпақтың астынан ыстық бу шығуы мүмкін. Қақпақты тек ас үй қолғабының немесе тұтқыштың көмегімен ашыңыз. Вафля қалыбының тұтқасын бүйірінен және жоғарғы жағынан емес, тек алдыңғы жағынан ұстаңыз.

Кеңестер

Вафляларды дайындау үшін маргаринді немесе жануар майының мөлшері төмен спредті қолданбаңыз, себебі олар жоғары емес температура кезінде артық қызып, қошқыл түсті күйікті түзуі мүмкін, ол пісірілетін өнімнің жұмыс панельдеріне жабысып қалуына әкелуі мүмкін.

Қамырды салу ыңғайлы болу үшін оны тығыз полиэтилен қалташыққа салып, оның бұрышын кесіңіз, шамамен 1 см саңылау пайда болуы керек. Қамырды осы саңылау арқылы қыздырылған вафля қалыбына сығыңыз.

Дайын вафляларды мұздатылған түрінде сақтауға болады. Оларды наубайханалық қағазбен қаттап, қалташыққа немесе контейнерге салып, мұздатқышқа қойыңыз. Мұздатылған вафляларды микротолқынды пеште, тұмшапеште, қыздырылған вафля қалыбында немесе табада 2-3 минут ішінде қыздырыңыз.

Рецепттер

Бельгиялық вафля

Құрамы: маргарин немесе май - 200 г, қант - 150 г, ұн - 200 г, жұмыртқа - 3 дана, тұз - 1/3 ш.қ., қопсытқыш - 2 ш.қ., ванилин - қалауыңыз бойынша.

Дайындалуы: маргаринді немесе майды миксер арқылы қантпен араластырыңыз, жұмыртқа қосып, тағы да араластырыңыз. Ұнды тұзбен, қопсытқышпен және ванилинмен араластырып, осыдан кейін оны негізгі қоспаға қосып, араластырыңыз.

Кілегейлі ірімшік пен албырт қосылған асжапырақ вафлясы

Құрамы: сары май - 125 г, жұмыртқа - 4 дана, ұн - 250 г, сүт - 200 мл, асжапырақ - 200 г, тұз - 2 ас қ., кілегейлі ірімшік - 150 г, тұздалған албырт - 200 г, зәйтүн майы - 100 мл, сарымсақ - 2 тіс.

Дайындалуы: майды миксермен крем тәрізді қоймалжыңға дейін бұлғау. Жұмыртқа және 1 ас қасық тұз қосу. Барлығын бірге бұлғау. Осыдан кейін ұн, бөлме температурасындағы сүт қосып, созылғыш қамыр илеу. 20 минутқа қалдыру.

Асжапырақты жуып, кептіріп, ұсақтап турау. Кәстрөлде зәйтүн майын қыздырып, туралған сарымсақ, асжапырақ, тұз қосу, 2-3 минут шала қуыру. Оттан түсіру. Қамырға қосу.

Дайын вафлялардың үстіне балқытылған ірімшік қойып, албырттың тіліктерімен безендіру.

Банан қосылған вафля

Құрамы: ұн - 250 г, қант - 1 ас қ., жұмыртқа - 3 дана, өсімдік майы - 100 мл, банан - 2 дана, қамырға арналған қопсытқыш - 1/4 ш.қ.

Дайындалуы: жұмыртқаны бұлғау. Ұнды, қантты, қамырға арналған қопсытқышты араластыру. Май қосу. Барлығын араластыру. Бананның қабығын аршып, ұсақтап турау. Қамырға қосу.

Лимонды вафля

Құрамы: сары май - 130 г, құрақ қанты - 50 г, жұмыртқа - 3 дана, бидай ұны - 250 г, сүт - 200 мл, йогурт - 2 ас қ., лимон цедрасы - дәміне қарай, қамырға арналған қопсытқыш - 1/4 ш.қ.

Дайындалуы: ақуыздарды сарыуыздардан бөліп, ақуыздарды бұлғау. Ұнды, қантты, қопсытқышты араластыру. Майды еріту. Ұнға жылы сүт пен майды құю. Сарыуыздарды біркелкі қоймалжыңға дейін бұлғау. Йогурт, лимон цедрасын, ақуыздар мен сарыуыздарды қосу.

Барлығын жақсылап араластыру.

Тазалау, қызмет көрсету, күтім жасау және сақтау

Тазалау немесе қызмет көрсету алдында вафля қалыбының толық суығанын күтіңіз.

Жұмыс қалыптарын қағаз сүлгімен немесе сулықпен сүртіңіз.

Қалыптардың күйге қарсы жабынын сызып алмау үшін абразивті тазалағыш заттарды және қатты ысқыштарды пайдаланбаңыз. Вафля қалыбын суға немесе су ағынының астына қоймаңыз. Вафля қалыбының ешқандай бөліктерін ыдыс жуатын машинада жумаңыз. Вафля қалыбын құрғақ және салқын, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Алатын орынды азайту үшін қақпағын ілмекке жауып, вафля қалыбын тігінен қойыңыз.

Техникалық сипаттамалары

1. Кернеуі: 220-240 В, 50/60 Гц
2. Қуаты: 700 Вт
3. Электр тогы соғуынан қорғау класы: I
4. Құрылғының өлшемі: 320 x 129 x 101 мм
5. Орамасының өлшемі: 157 x 128 x 357 мм
6. Таза салмағы: 1,5 кг
7. Жалпы салмағы: 1,6 кг

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл

Кепілдік мерзімі: 1 жыл

Тауар сертификатталған



Өндіруші: Хуаюй Илектрикэл Эплаенс Груп Ко., Лтд. № 168 Норс Хуаньчэн Роуд, Чжоусян Дивелэпмэнт Зоун, Цыси, Нинбо 315324, Қытай.

Өндірушінің жедел желісі: 8-812-339-22-15, 8-499-400-23-34 (дс-жм мәскеу уақыты бойынша 9:30 бастап 17:30 дейін).

Сервистік орталықтардың мекенжайларын жедел желі операторынан немесе kitfort.ru сайтынан біле аласыз.

Ерекше кәдеге жарату талап етіледі. Қоршаған ортаға зиян келтіруге жол бермеу үшін осы нысанды кәдімгі қалдықтардан бөліп, оны ең қауіпсіз тәсілмен кәдеге жарату керек, мысалы, кәдеге жарату бойынша арнайы орындарға тапсыруға болады.

Дайындалған айы мен жылы орама қорабының төменгі жағында көрсетілген. Өндіруші өз өнімін жетілдіру барысында бұйымның

дизайнына, жиынтықтамасына, сондай-ақ техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге және осы өзгерістер туралы қосымша хабарламауға құқылы.

Сақтық шаралары

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларына ерекше назар аударыңыз. Әрқашан нұсқаулықты жаныңызда ұстаңыз.

1. Құрылғы тұрмыстық жағдайларда пайдалану үшін және пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде, қонақ үй нөмірлерінде, кеңселерде және басқа осындай жерлерде өнеркәсіптік емес және коммерциялық емес пайдалану үшін арналған.
2. Құрылғыны тек мақсаты бойынша және осы нұсқаулықта мазмұндалған нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Құрылғыны мақсатынан тыс пайдалану тиісті пайдалану шарттарын бұзу болып саналады.
3. Құрылғыны электр розеткасына қоспас бұрын, онда көрсетілген электр қуаттау параметрлері қолданылатын қуат көзінің параметрлерімен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Электр тогы соғуына жол бермеу үшін құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
5. Аспапты қуаттау баусымы арқылы ұстап тасымалдамаңыз. Ашаны розеткадан суырғанда қуаттау баусымынан тартпаңыз.
6. Аспаптың қуаттау баусымы, ашасы немесе басқа бөліктері зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр тогының соғуына жол бермеу үшін құрылғыны өз бетіңізше бөлшектемеңіз — оны жөндеу үшін білікті маманға жүгініңіз. Құрылғының дұрыс емес жиналуы пайдалану кезінде электр тогының соғу қаупін арттыратынын есте сақтаңыз.
7. Балаларға, дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектелген адамдарға, сондай-ақ жеткілікті білімі мен тәжірибесі жоқ тұлғаларға аспапты тек олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалардың бақылауымен, немесе құрылғыны пайдалану жөніндегі нұсқамалықтан өтуден кейін пайдалануға рұқсат етіледі. Балаларға аспаппен ойнауға жол бермеңіз.
8. Жанында балалар немесе үй жануарлары болған кезде аспаптың жұмысын қадағалаңыз.

9. Жұмыс істеп тұрған аспапты қараусыз қалдырмаңыз. Егер аспапты ұзақ уақыт қолданбасаңыз немесе қызмет көрсетуді жүргізу алдында оны желіден ажыратыңыз.
10. Жұмыс істегенде аспаптың корпусы қатты қызуы мүмкін. Ыстық беттерді қолмен ұстамаңыз. Абай болыңыз! Күйіп қалу қаупі бар!
11. Вафля қалыбын қабырғалардан және басқа заттардан кемінде 15 см және үстел шетінен кемінде 10 см қашықтықта тегіс көлденең орнықты бетке орнатыңыз. Балалар вафля қалыбының ыстық беттеріне қол тигізе алмайтындай етіп орнатыңыз.
12. Құрылғының қосылуын бұғаттауды айналып өтуге тырыспаңыз.
13. Аспаптың құлауына жол бермеңіз және оны соққыларға ұшыратпаңыз.
14. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
15. Тек өндірушімен ұсынылған аксессуарларды немесе жиынтықтауыштарды пайдаланыңыз. Өзге қосымша керек-жарақтарды пайдалану құрылғының сынуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.